

Тендер өткізу туралы хабарлама

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резерв комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен материалдық құндылықтарды (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару бойынша тендер өткізілетінін хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 186 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен материалдық құндылықтарды шығару тендерін әзірлеу мен өткізу ережесіне сәйкес, тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда, 2014 жылғы сәуір мен желтоқсан айлары аралығында әрбір сәрсенбі күні Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резерв комитетінің ғимаратында Астана қ. Янушкевич көшесі 2, мекен-жайы бойынша сағат 11.00-де өткізіледі.

Тендерге қатысуға өтініш берген үміткерлерді тіркеу www.emer.gov.kz және www.kgmr.gov.kz сайттарында хабарлама жарияланған күннен басталады және де жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша сағат 18.00-де тендерлік өтінімдер конвертін ашу күніне бір күн бұрын аяқталады.

Тауар туралы мәлімет, ең төменгі көлем, кесімді бағаның есепке алынған немесе есепке алынбаған қосымша құн салығы, тауарға құнын төлеу мерзімі, тауарды шығару мерзімі және тауардың орналасқан орны туралы ақпараттар осы хабарламаға қосымшада көрсетілген.

Үміткер лот сомасының 3 (үш) пайызы көлемінде тендерге қатысу үшін өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Үміткер тендерге қатысуы үшін өтінімді қамтамасыз ету түрлерінің келесі біреуін таңдайды:


1) «Резерв» РМК-нің банктік есеп шотына келесі реквизиттер «Резерв» РМК, РНН 031400154680, КБЕ 16, Астана қаласының «Қазкоммерцбанк» АҚ Ақмола филиалы, БИК KZKOKZKX, ИИК KZ459261501105774002, БИН 990140003130 бойынша енгізілген ақшалай кепілдік жарнасы;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 55 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілдемелерді беру ережесіне сәйкес берілетін банктік кепілдік.

Үміткердің оның тендерге қатысу өтінімінің қолданыс мерзімі өткенше енгізілген ақшалай кепілдік жарнасына толықтай не бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғада пайда болуына әкеп соғатын әрекеттеріне жол берілмейді.

Шығару шарты – «Резерв» РМК франко-қоймалары және/немесе жауапты сақтау пункттерінен.

Тендер ұйымдастырушы тендерлік комиссия отырысын өткізуді оның басталуына дейін бір күн қалғанда кешіктірмей тоқтатылуы мүмкін, ол жөнінде www.emer.gov.kz және www.kgmr.gov.kz сайттарында хабарландырулар орналастырылатын болады.



Тендерлік комиссияның отырыс хаттамалары www.emer.gov.kz және www.kgmr.gov.kz сайттарында орналастырылатын болады.

Тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы хабарлама үміткерлерге (факспен немесе электрондық поштамен не қолма-қол) тендер өткізілген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде жолданады, сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген сайттарға орналастырылады.

Анықтама үшін телефон: 8(7172) 27-44-59, 27-44-49

И.И.И.

С.С.

А.А.А.

А.А.А.